

Заурбекова А.М, Алтынбек Б.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім беру жүйесін дамытуға Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы - 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында үлкен басымдық беріліп отыр. Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату- жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі[1].

Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің алдында тұрған келелі мәселе - білім беру, ғылымды дамыту, өркениет біткеннің өзегі, білім, ғылым, тәрбие екендігіне еш талас жоқ.

Осыған орай республикада заманауи талапқа сай білім беру жүйесін реформалауға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы негізінде Елбасы жүктеген тапсырмаларды жүзеге асыру-Қазақстанның әлемдік, дамыған, бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енуі-білім берудің жаңа талаптарына сәйкес, адами ресурстарды қалыптастыруда білім беру мен тәрбиелеудің рөлін арттыру болып табылады[2].

Елімізде білім беруді әлемдік стандарттар деңгейіне жеткізуде білім мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Білім беру мазмұнын жаңартуда кәсіби білікті маман қалыптастыру қажеттілігі туындады.

Тәуелсіз Қазақстанды әлемге паш ететін - ғылымы мен білімі. «Мектеп-әлеуметтік мәселенің өзектісі»-деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Үкімет пен жұртшылық назарын жалпы білім беретін мектептің жүйесіндегі инновацияның алар орнының маңыздылығы соншалық, білім сапасына әсер ететініне баса назар аударады[3].

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған.

Білімнің бастауы, қайнар көзі-мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы-бастауыш білім беру саласы екені баршамызға аян. Осы тұста Мұхтар Шаханов «бала жүрегі кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында үнемі кілт жүруі керек» дегендей, бастауыш сынып мұғалімі үнемі ізденісте болуы керек[4].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады.

Бағдарламаның мақсаты: Бастауыш сынып пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериялды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;
- Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету.

Бастауыш білім беру мақсаты- келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану,
- сыни ойлау,
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен даму үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі-спиральді қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесімен бағаланды.

«Бастауыш сынып пәндері бойынша критериалды бағалау және оқытуды жоспарлау» жүзеге асырылып отыр.

Критериалды бағалау деп оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар ж.т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген бағалау үдерісі деп түсінеміз.

Критериалды бағалау:

Мұғалімдерге:

- Сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құрастыруға;
- Өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға;
- Оқу үрдісінің сапасын жақсартуға;
- Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушы үшін оқытудың жеке траекториясын алуға;
- Бағалаудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
- Оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға:

- Нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге;
- Рефлексияға қатысу, яғни өзін және өз достарын бағалауға;
- Нақты есептерді шешуде білімдерін қолдану, өз ойларын еркін жеткізе білуі, сын тұрғысынан ойлай білуге.

Ата-аналарға:

- Баласының білім деңгейлерін бақылай алуға;
- Баласының оқу үдерісін бақылай алуға;
- Баласына оқу үдерісі кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау:

* оқушының дағдыларын дамытады, мотивациясын жоғарлатады;

* мұғалімдердің білімі мен дағдыларын дамытады;

* заманауи әдіс-тәсілдерді кіріктіреді;

* сабақты жоспарлау үшін ақпарат береді;

* оқушының алға қарай жылжуын көрсетеді;

* сабақ беруде және оқытуда әртүрлі жұмыстарды қолдануға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңыздысы-оқу үдерісі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет. Критериалды бағалау-бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір критерийлер арқылы бағалау болып табылады.

Қорыта келе, жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз-оқу. Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру-жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев. Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» - Астана. 31.12.2017.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына мақаласы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Қазақстанның үшінші жаңғыруы - Астана. 26.04.2017.
- 3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
- 4.Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий. – А., Педагогика, 2009.

